

**"Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 819
бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 23 маусымдағы № 460 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 26 маусымда № 36325 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 819 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9984 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларында:

95-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"95. Сотталғандарға заң көмегін алуы үшін олардың жазбаша немесе ауызша өтініші бойынша адвокаттармен кездесулер олардың санына, ұзақтығына шектеу қоймай, құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдайларда беріледі. Сотталғанның қалауы бойынша кездесулер бөлу қоршауынсыз оңаша берілуі мүмкін, ал ӨББА-ға және ӨЖББАА-ға сотталғандарға арнайы жабдықталған бөлмеде беріледі."

104-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"104. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларында ұсталатын сотталғандарға, сондай-ақ тәртіптік изоляторға, жалғыз адамдық камераға және уақытша оқшаулау үй-жайларында ұсталатын сотталғандарға жұбайы (зайыбы), жақын туысы қайтыс болған немесе науқастың өміріне қатер төндіретіндей қатты ауырған, оның отбасына айтарлықтай материалдық залал келтірген дүлей зілзала болған айрықша жеке мән-жайларында телефон арқылы сөйлесуге рұқсат беріледі.

Жоғарыда көрсетілген себептер бойынша айрықша жеке мән-жайлардың бары қайтыс болу туралы куәлікпен, медициналық ұйымдардың және жергілікті атқарушы органдардың анықтамаларымен расталады.

Осы телефон арқылы сөйлесулерді ұсынған кезде мекеме әкімшілігі сотталғанның қауіпсіздігін және оқшаулануын қамтамасыз етеді.

Айрықша жеке мән-жайларға әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу жатады. Бұл жағдайда жазаны өтеудің қатаң жағдайларындағы, жалғыз адамдық камерадағы, уақытша оқшаулау

үй-жайындағы сотталғандарға жақын туыстарымен телефон арқылы сөйлесу айына бір рет беріледі.

Білікті заң көмегі осы Қағидалардың 95-тармағы және ҚАК-нің 14-бабының бірінші бөлігі негізінде көрсетіледі.

Адвокатпен телефон арқылы сөйлесу арқылы білікті заң көмегін алу үшін сотталған мекеме әкімшілігіне жазбаша немесе ауызша өтініш береді.

Сотталған адамның адвокатпен телефон арқылы сөйлесуі сотталған адамның жеке ісінде "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама болған кезде беріледі.

Бұл ретте адвокат пен сотталған адамға үшінші тұлғалармен келіссөздерді болдырмау туралы ескертіледі.";

105-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"105. Сөйлесулер жүргізу, телекоммуникация құралдарын пайдалану қағидаларын бұзған, үшінші тұлғалармен келіссөздер жүргізу, немесе сөйлесу кезінде этика және мораль нормаларын сақтамаған жағдайда сөйлесулер дереу тоқтатылады.";

мынадай мазмұндағы 181-тармақпен толықтырылсын:

"181. Тиісті қорытынды болған жағдайда медициналық консультациялар қашықтықтан медициналық қызметтерді қолдану арқылы жүргізілуі мүмкін.

Консультацияларды денсаулық сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлері мекемеде орналасқан медициналық ұйымының медицина қызметкерінің қатысуымен жүргізіледі.

Үшінші тұлғалармен келіссөздерге жол берілмейді."

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң мен нормашығармашылығын үйлестіру департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК